

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Нишанбаева
Сабира Зеттбековнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындары
студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшінің**

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазақстандық қоғамның трансформациясы мен модернизациясы, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету отбасын тұлғалық және қоғамдық құндылық ретінде қабылдаудың қажеттілігін зерттеуді талап етеді.

Осы орайда студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесінің өзектілігі: қоғамның қазіргі заманғы даму кезеңдерінде отбасы институтында туындал жатқан курделі мәселелермен (отбасы институтына қатынастың өзгеруі, отбасын әлеуметтік және тұлғалық құндылық ретінде қарастырудың қажеттілігі, т.б.) және қарама-қайшылықтармен (ажырасу санының артуы, «дәстүрлі емес» жұптар санының өсуі, ерекек пен әйелдің отбасынан тыс өмірді қалауы, т.б.) түсіндіріледі.

Осыған байланысты жасалып жатқан іс – шаралар, атап айтқанда, 2013 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Заңына өзгертулер енгізіп, қыркүйек айының екінші жексенбісін «Отбасы» күні ретінде белгіленуі, Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасыніске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының белгіленуі, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1076 Қаулысының қабылдануы, сонымен бірге Елбасының «Біздің қоғамда отбасы әрқашанда рухани және мәдени дәстүрлердің сактаушысы, түрлі буындар арасын жалғастырушы болды және солай болып қала бермек» - деп тұжырымдауы және бастамасымен отбасы институтын нығайту, отбасылық құндылықтарды насиҳаттау, мерейлі әuletтердің өмірлік өнегелі тәлімдерін жас үрпаққа үлгі ретінде көрсету, сондай-ақ гендерлік тендікті ілгерілетуге бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыру бағытын үйымдастыру қарастырылып отырылған мәселенің өзектілігін айқындаі түседі.

2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі

Нишанбаева Сабира зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

1. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықтады;
2. «Отбасы-адамгершілік құндылықтары» ұғымының мәні нақтыланып, құрылымы айқындалды;
3. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың құрылымдық -

функционалдық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері айқындалды.

4. Педагогикалық жоғары оку орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесін дайындалып, әдістеменің тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы

С.З.Нишибаева өзінің докторлық диссертациясында педагогикалық жоғары оку орындары студенттерінің отбасы - адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық - әдіснамалық негіздерін анықтауда аксиологиялық тұғыр, әлеуметтік-гуманистік тұғыр, жүйелілік-құрылымдық тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, мәдениеттанымдық тұғырлары негізге алынады. «Отбасы - адамгершілік құндылықтары» көпмағыналы ұғым ретінде қарастырылады, ол индивидтің сеніміне негізделген адам өмірінің мағынасы мен мәні болып табылады, әлеуметтену үрдісі арқылы белгілі бір мәдениет немесе қоғамның шенберінде адамның мінез-құлық үлгісіне салыстырмалы түргыдан қойылатын жалпы қағида деп нақтыланады.

Докторанттың зерттеу барысында дайындаған «Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» элективті курс бағдарламасы, «Отбасылық өмірге дайындаудың психологиялық тренингтер» топтамасы зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі.

Нишибаева Сабира диссертацияның құрылымына да аса мән беріп, оның мазмұнын бір-бірімен тығыз логикалық байланыстағы екі бөлімге, оның әрқайсысын төрт параграфтарға бөледі. Бұлардың барлығы да зерттеу мәселесіне байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипатын ашады, диссертацияның құрылымдық және мазмұндық біртұтастырылған көрсетеді.

4. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестілігі

Докторант С.З.Нишибаеваның 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Педагогикалық жоғары оку орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» атты диссертациясы КР ҒжБМ диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертация аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады.

5. Мақалалардың жеткіліктілігін растау, негізгі ережелер, нәтижелер, диссертацияның түйіні мен қорытындысы.

Докторлық диссертацияның негізгі ұстанымдары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 12 жарияланымы, оның ішінде 7 ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, 1 Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында, 3 Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда көрініс тапқан және 1 оқу-әдістемелік қуралы жарық көрген.

Зерттеу жұмысының эксперименттік-тәжірибелік сатысын орындауда автор ғылыми зерттеу әдістемесін жетік менгергендердің көрсетті. Сонымен бірге тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу барысында белсенділік танытты, диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, ізденімпаздығымен ерекшеленді.

6. Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, аталмыш докторлық диссертацияның орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығының «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, Нишанбаева Сабира Зетбековнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік күндылықтарын қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясының дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек деп танып, диссертациялық жұмысты 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кенесші,
педагогика-ғылымдарының докторы,
профессор



РАСТАЙМЫН:
Абай атындағы ҚазАГУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛМЕШІ БАСТАУЫ
ЗАВЕРЯЮ: 
НАЧАЛЫК ОДДЕЛ ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
Каражин Аманжол Абасатов
ИСПЫТЫЛЫ
ПОДПИСЬ

M.A. Абсатова